

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны**

Өзін-өзі бағалау материалдары

2026 жыл

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
I	Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	3-7
II	Кадрлық әлеуетті талдау	7-21
III	Тәрбиеленушілер контингенті	21-33
IV	Оқу-әдістемелік жұмыс	34-60
V	Оқу-материалдық активтер	60-63
VI	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	64-65
VII	Тәрбиеленушілердің білімін бағалау	66-73
VIII	Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы	73-75
IX	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	76
X	Қорытындылар мен ұсыныстар	77-80

«№61 БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАР

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» КМҚК комиссиясы өзін-өзі бағалауды жазу кезінде (өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияны құру туралы 01.12.2025 жылғы № 275 бұйрық) «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымының 1-қосымшаға сәйкес басшылыққа алынып, жүзеге асырылды.

Комиссия құрамы:

- 1.Искакова Г.С.– комиссия төрайымы, меңгеруші
- 2.Алпысбаева Н.С. – комиссия мүшесі, әдіскер
3. Хасенова А.Ж. – комиссия мүшесі, бас бухгалтер
- 4.Танатова Б.О. – комиссия мүшесі, шаруашылық меңгерушісі
5. Жумағалиева З.С.. – комиссия мүшесі, медбике
- 6.Ертышпаева Г.Ш. – комиссия мүшесі, логопед - мұғалім
- 7.Байдаулетов С.А. -комиссия мүшесі, дене тәрбие нұсқаушысы
- Түлегенова З.Т. – хатшы, жүзу нұсқаушысы

Яндекс дискісіне сілтеме: sadik61.sadik61@gmail.com

I БӨЛІМ

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері) - мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама бойынша: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№61 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Павлов көшесі, 43-үй

Нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Павлов көшесі, 43-үй

Құрылған жылы: 1986 жыл

Жобалық қуаты: 310 орын

Меншік нысаны: мемлекеттік

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Электрондық пошта: sad61@kst-goo.kz

Сайт: <https://kst-sad61.edu.kz/kz/>

Инстаграмм:

https://www.instagram.com/kst_61_balabaqsha?igsh=MXFibTZpYWc3c3poZA==

Телефон: 8 (714 2) 50-37-84, 8(714 2) 50-29-27

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

[https://drive.google.com/drive/folders/14-](https://drive.google.com/drive/folders/14-i8fEbibFqTocLa4_fWVYvID7w3bdUH?usp=drive_link)

[i8fEbibFqTocLa4_fWVYvID7w3bdUH?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/14-i8fEbibFqTocLa4_fWVYvID7w3bdUH?usp=drive_link)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Искакова Гульжан Сагиевна, Қостанай қаласы білім бөлімінің «№61 бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі болып 27.07.2022 жылдың № 972 бұйрығымен тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама - БСН 991140003916 берілген күні 17.09.2021 жыл, бірегей нөмірі 101000059660260.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «61бөбекжайы» КМҚК жарғысы әділет органдарында 17.09.2021 жылы тіркелді.

Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты: оқу, жазу, санаудың қарапайым дағдыларын және тілдік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру, мектепке дейінгі жастағы баланы жан-жақты дамыту ,бастауыш білімді меңгеру үшін тең бастапқы жағдайларды жасау болып табылады.

№ 61 бөбекжайының жарғысының 1-тарауының 3-тармаққа сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» ҚМҚК құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

№61 бөбекжайының жарғысының 1-тарауының 1 тармаққа сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61бөбекжайы» КМҚК уәкілетті органы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» болып табылады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» КМҚК жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

№61 бөбекжайының жарғысының 1-тарау 5-тармаққа сәйкес Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі-жергілікті атқарушы орган) кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады. Жергілікті атқарушы орган «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – басқару органы) кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік береді.

Балабақшаның жұмыс істеу режимі: күнделікті сағат 07.00 - ден 19.00-ге дейін, аптасына бес күн. Демалыс күндері : сеңбі ,жексенбі. Оқыту тілі-қазақ .

Жақын маңайдағы әлеуметтік мәдени орта - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 5 бөбекжайы» КМҚК; «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№3 бөбекжайы», Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 9 бөбекжайы» КМҚК, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 24 мектеп-гимназиясы» КММ тығыз байланыс жүргізіледі.

Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 20.09.2021 ж. № KZ26RVK00036103.

Кәсіпорын «Қостанай қаласының коммуналдық мемлекеттік қазыналық білім беру кәсіпорындарын қайта атау туралы» Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 401 қаулысына сәйкес қайта аталды.

Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мектепке дейінгі ұйымның міндеттері:

- Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

- Тәрбиеленушілердің ,оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене,зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

- Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

- Ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

- Искакова Гульжан Сагиевна – «№ 61 бөбекжайы» КМҚК жарғысы негізінде әрекет ететін, мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік – құқықтық құжаттарды, жергілікті актілерді басшылыққа алатын және мемлекеттік билік және басқару органдарында мектепке дейінгі ұйымның мүдделерін білдіретін меңгеруші (27.07.2022 ж. бұйрық № 972). Меңгеруші бөбекжайдың тиімді әрі сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бөбекжайдың күнделікті қызметін басқарады, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырады және оның талапқа сай жүргізілуін қадағалайды. Педагогтер мен қызметкерлердің жұмысын үйлестіріп, олардың өзара ынтымақтастығын қамтамасыз етеді.

Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, тәртібі, ата-аналармен байланыс, құжаттаманы жүргізіп, материалдық-техникалық жағдайды жақсартуға жауапты және жүзеге асырылуын қадағалайды.

- Алпысбаева Назым Сартонқызы - әдіскер лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білім беру, тәрбие, әдістемелік қызметті ұйымдастырады, педагогикалық ұжымның жұмысын, балалармен жұмыста қолданылатын бағдарламалардың іске асырылуын, жылдық жоспардың негізгі бағыттарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етіп, озық педагогикалық тәжірибелерді енгізуді үйлестіреді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу-әдістемелік құралдардың қолданылуын бақылап, білім сапасына талдау жасайды. Ата-аналармен жұмыс жүргізуге әдістемелік қолдау көрсетіп, білім беру құжаттамасын рәсімдеуге қатысады.

- Хасенова Аида Жоламановна бас бухгалтер МДҰ-да бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүзеге асыруға басшылық етеді. Есеп саясатын қалыптастырады және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді. Мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдарды есептеу және аудару, жалақы бойынша есептерді, экономикалық негізделген есептерді жасауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлердің жалақысын, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды, жұмыс уақытын есепке алу табельдерін және басқа да төлемдерді тексеруді, сондай-ақ МДҰ қызметкерлерін материалдық ынталандыруға қаражат аударуды жүргізеді. Мүліктің, міндеттемелердің және шаруашылық операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу бойынша жұмысты орындайды (негізгі құралдарды, тауарлық-материалдық құндылықтарды, өндіріс шығындарын, өнімді өткізуді, шаруашылық-қаржылық қызмет нәтижелерін есепке алу, жеткізушілермен және тапсырыс берушілермен есеп айырысу, сондай-ақ көрсетілген қызметтер үшін және т.б.). Бухгалтерлік құжаттаманың уақтылы және дұрыс ресімделуіне бақылауды жүзеге асырады. Статистикалық және қаржылық есептіліктің барлық көрсеткіштері бойынша МДҰ жоспарының орындалуын талдауды және дамытудың қаржылық-экономикалық стратегиясын әзірлеуді жүзеге асырады.

- Жумағалиева Замзагүл Саматқызы лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес емдеу-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді, бөбекжайда санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын және орындалуын бақылайды, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар мен әдістемелік материалдарды басшылыққа алады. МДҰ-да балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтың орындалуын қамтамасыз етеді. Тамақтануды ұйымдастыру бойынша деректерді уақтылы талдауды ұсынады. Ас блогындағы барлық

практикалық жұмыстарды басқарады. Жеке гигиена ережелерін қатаң сақтайды, ас блогының, азық-түлік қоймаларының санитарлық жағдайын және тамақ дайындау сапасын бақылайды. Тамақ дайындау технологиясына жалпы басшылықты жүзеге асырады. Күн сайын шамамен 10 күндік мәзір негізінде мәзір -макет жасайды, бухгалтерияға тапсырады. Қажетті өнімдер жеткіліксіз болған жағдайда мәзірге өзгерістер енгізеді. Жеткізілетін өнімдердің сапасын, оларды сақтау және өткізу ережелерінің сақталуын бақылайды. Азық-түліктің дұрыс салынуын және тағамның шығуын, азық-түлік пен тағамның ас блогынан шығарылуын бақылайды. Азық-түлік рационының химиялық құрамын, энергиясын және калориясын есептеуді жүйелі түрде жүргізеді (жинақтау ведомосі бойынша).

-Танатова Ботакоз Омирханқызы– шаруашылық меңгерушісі лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес кәсіпорынның әкімшілік-шаруашылық жұмысын қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Өзінің жауапкершілік аймағында құндылықтарды сақтауды қамтамасыз етеді.

Өзінің жауапкершілік аймағында тиісті жөндеу іс-шараларын жүргізуді ұйымдастырады. Шаруашылық қызметте қолданылатын материалдармен, құралдармен, құрал-саймандармен, сондай-ақ оларды ауыстыру және сатып алу жағдайларын бақылайды. Тиісті шаруашылық операцияларды жүргізуде басқа бөлімшелерден өтінімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. Шаруашылық операциялар бойынша қажетті құжат айналымын қамтамасыз етеді. Өзінің жауапкершілігі саласында бастапқы қаржылық құжаттардың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады. ТКШ және шаруашылық инфрақұрылым нысандарының жұмыс жағдайын қолдау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Өз құзыреті саласында өрт және технологиялық қауіпсіздік нормаларының сақталуын қадағалайды.

II БӨЛІМ

Кадрлық әлеуетті талдау

[https://drive.google.com/drive/folders/1B7ObYxsnNc8KLegEPUxjk-uUtFN89iRD?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1B7ObYxsnNc8KLegEPUxjk-uUtFN89iRD?usp=drive_link)

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда №29329) болып тіркелді. Педагогикалық қызметті орындауға тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білім беру және педагогтің

тәрбие және оқыту жөніндегі кәсіби қызметін жүзеге асыратын тұлғалар қызметті атқарады.

Педагогтің қызметіне тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтер жіберіледі.

«№61 бөбекжайы» КМҚК-да ағымдағы жылдың 2 қыркүйегінің мәліметі бойынша 32 педагог педагогикалық қызметті жүзеге асырады: меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі - 2, дене шынықтыру нұсқаушысы - 3, психолог - 1, логопед-мұғалімі – 1, тәрбиеші - 23.

2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы 34 педагогтен тұрды. Оның ішінде: меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі - 2, дене шынықтыру нұсқаушысы -3, психолог, логопед-мұғалімі, тәрбиеші - 25.

2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы 33 педагогтен тұрды. Оның ішінде: меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі - 2, дене шынықтыру нұсқаушысы - 3, психолог, логопед – мұғалімі, тәрбиеші -24.

Есепті кезеңдегі педагогикалық құрам

Штаттық бірліктер атауы	1 қыркүйектегі штат бірліктерінің саны		
	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Меңгеруші	1	1	1
Әдіскер	1	1	1
Дене шынықтыру нұсқаушы	3	3	3
Музыка жетекшісі	2	2	2
Психолог	1	1	1
Логопед-мұғалім	1	1	1
Тәрбиешілер	25	24	23
Барлығы	34	33	32

Бағаланатын кезеңде педагогтердің кадрлық құрамы бекітілген штат кестесі негізінде жасақталған, қосалқы құрамдар: тәрбиеші Тулепова А.М., музыкалық жетекші Әмірғали П. Ж. 2025-2026 оқу жылында тәрбиешілердің 3 бос орыны бар. 2025-2026 оқу жылында тәрбиешілер ваканттық орындарда уақытша қызмет атқарды. Айта кететін болсақ тәрбиешілер: Балгабаева У.Ш, Абайдельдина А.Ж., Сыздыкова А.А., Исакова Г.С., Абдулова А.А. бос орын

бойынша қосымша қызметті бұйрыққа сай атқарып жүрді. Тәрбиешілер өз міндеттерін лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, жауапкершілікпен және сапалы орындап, оқу-тәрбие үдерісінің үздіксіз жүруін қамтамасыз етті. Балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, ата-аналармен байланыс тұрақты жүргізді.

Педагогтер өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие, өздерінің кәсіби шеберліктерін үздіксіз жетілдіреді, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейлерін арттырады. Педагогикалық процесті үйлестіруді және реттеуді мектепке дейінгі ұйымның әдіскері жүзеге асырады. Ережелер, нұсқаулықтар, ішкі тәртіп ережелері, мектепке дейінгі ұйымды дамыту бағдарламасы, жылдық жоспарлар, оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-шаралар кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және басқа да қажетті құжаттар бар. Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылған қызметін бақылау педагогикалық кеңестер, басшының жанындағы кеңестер арқылы жүзеге асырылады. Жедел бақылау ата-аналармен жұмысты талдауды, балалардың денсаулығын сақтауды, балалардың тамақтану нормаларын бақылауды, әр жас тобындағы құжаттаманы талдауды, педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуін қарастырады. Мектепке дейінгі ұйымда іс-әрекеттің мазмұнын, тәрбиеленушілердің жеке көрсеткіштерінің мониторингін, педагогикалық құрамның кәсіби деңгейі туралы деректерді көрсететін материалдар құжатталады. Педагогикалық кадрлармен жұмыс әр педагогтің кәсіби құзыреттілігін диагностикалауға, кәсіби сұраныстарды, қажеттіліктерді анықтауға және педагогикалық кадрлармен жұмыс мақсатын анықтауға, оған жетудің оңтайлы формасын таңдауға сараланған көзқарасқа негізделген. Педагогикалық құзыреттілікті арттыру және жас тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі педагог-тәлімгерлер жас педагогтермен «Жас маман» мектебі бойынша жұмыс атқарады.

Бөбекжайдың бағаланатын жылдар бойынша педагогикалық кадрлардың сапасы

Оқу жылы	Педагогтер саны	Білімі		
		Жоғары педагогикалық	Арнайы орта	Оның ішінде мектепке дейінгі бейіндік
2023-2024	34	23	11	27
2024-2025	33	20	13	26
2025-2026	32	21	11	25

Қорытынды: педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау көрсеткендей, жыл сайын мектепке дейінгі ұйым ұжымының педагогикалық құрамына мектепке дейінгі білімі бар педагогтардың жоғары пайызы кіреді. Тәрбиешілер арасында да, мамандар арасында да жоғары білімі бар педагогтердің саны айтарлықтай жоғары көрсеткіштерді көрсетеді. Тиісінше, педагогикалық құрам мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу үшін тиісті білімі мен қажетті

практикалық дағдылары бар кадрларды жеткілікті,бірақ тәрбиешілер мамандарының жетіспеушілігін көрсетіп отырмыз. Сонымен қатар тәрбиешілер Қуанышбай Ә. және Сейлхан А. сырттай жоғары білім алуда.

Білім беру ұйымы басшысының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер:

«№61 бөбекжайы» КМҚК меңгеруші Исакова Г.С. 2023 жылы аттестаттау рәсіміне қатысты.«Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ аттестаттау комиссиясы отырысының 30.05.2023 ж. хаттамасына сәйкес басшы-көшбасшы санаты берілді және де 2025-2026 оқу жылында аттестаттау рәсіміне қатысатын болады (1 санатты басшы біліктілік санатын растау)

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру / растау туралы мәліметтер:

№	аты-жөні,тегі	қызметі	санаты	бұйрықтың №
1	Алпысбаева Назым Сартонкызы	әдіскер	Педагог-модератор	№ 202, 05.08.2025ж.
2	Абайдельдина Айнур Жалгасбекована	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
3	Актубекова Базаркуль Нурмуқановна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
4	Амангелдиева Молдир Нурасиловна	тәрбиеші	педагог-стажер	№239 12.09.2025ж
5	Абдулова Аружан Асқарбекқызы	тәрбиеші	педагог	№5 2/1 16.08.2023ж
6	Әмірғали Парасат Жұманқызы	музыка жетекшісі	педагог-модератор	№472 02.09.2024ж
7	Байдаулетов Садыль Ахметович	дене тәрбиесі нұсқаушысы	педагог-сарапшы	№369 23.07.2021ж
8	Балгабаева Ульбосин Шортанбаевна	тәрбиеші	педагог-сарапшы	№790 29.07.2024ж
9	Бекенова Гульмира Конысбековна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
10	Бектабанова Венера Куандыковна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
11	Бралина Айдана Жумағалиевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№156 02.09.2024ж
12	Дусмагамбетова Камшат Макжановна	психолог- мұғалімі	педагог-модератор	№1068 29.08.2023ж

13	Досов Марат Конысбаевич	дене тәрбиесі нұсқаушысы	педагог-модератор	№248 23.09.2025ж
14	Ертышпаева Гульзира Шалкаровна	логопед- мұғалімі	педагог-модератор	№156 02.09.2024ж
15	Қуанышбай Әдила Алтынбекқызы	тәрбиеші	педагог-стажер	№239 12.09.2025ж
16	Жумабаева Алмагуль Кенжеғалиевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№1068 29.08.2023ж
17	Ибраева Жанар Амангельдиновна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 92 14.06.2021ж
18	Ибраева Мейрамгуль Аскаровна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
19	Кабылдина Гульмира Досановна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
20	Казиева Эмина Кереевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
21	Мулдағалиева Айгуль Курманғалиевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
22	Нигметжанова Гульнар Брахметовна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 202 05.08.2025 ж
23	Серікбай Алтыншаш Айбекқызы	тәрбиеші	педагог-модератор	№414 05.08.2025 ж
24	Сыздыкова Айжан Гарибжановна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
25	Танатова Аружан Аубакировна Танатова	музыка жетекшісі	педагог-модератор	№156 02.09.2024 ж
26	Тасжанова Улжалғас Дузбаевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
27	Тулегенова Зейнегул Тулендиевна	жүзу нұсқаушысы	педагог-модератор	№ 202 05.08.2025 ж
28	Уркумбаева Айман Габиржанована	тәрбиеші	педагог-зерттеуші	№ 369 23.07.2021ж
29	Тулєпова Айнагуль Мағзумовна	тәрбиеші	педагог-модератор	№414 05.08.2025 ж
30	Умуралина Ажаркуль Бесенбаевна	тәрбиеші	педагог-модератор	№ 859 31.05.2023ж
31	Сейілхан Алмагуль	тәрбиеші	педагог	

ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Педагогтердің біліктілік санаты туралы жиынтық кесте

Оқу жылы	Педагогтер саны	Жоғары	I санатты	II санатты	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Педагог-тағылымдамашы
2023-2024	34	1	3	1	0	3	18	8	0
2024-2025	33	1	2	0	1	3	21	5	0
2025-2026	32	0	0	0	1	2	24	3	2

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы: педагог-зерттеуші - 1 (3%), педагог-сарапшы - 2 (6%), педагог-модератор - 24 (75%), педагог -3 (9%), педагог-тағылымдамашы -2 (6%).

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның перспективалық жоспары бойынша келесі педагогтер аттестаттауға жатады:

- «педагог-модератор» біліктілік санатына тәрбиеші Абдулова А.А.;
- «педагог-сарапшы» біліктілік санатына тәрбиеші Ибраева Ж.А., дене шынықтыру нұсқаушысы Досов М.К.;
- «педагог- зерттеуші» біліктілік санатына ден шынықтыру нұсқаушысы Байдаулетов С.А.;
- басшы I санатын растау бойынша Исакова Г.С.

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіреді, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттырады (растайды) («педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес).

Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер кемінде үш жылда бір рет:

р/с	педагогтың аты-жөні	қызметі	курс туралы ақпарат
1	Исакова Г.С.	менгеруші	1.Өрлеу» БАҰО «Управление качеством образования» 72 сағат №0958125 0813727 27.05- 06.06.2024 ж 2. «Дамыту» қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау» 72 сағат №И 235699 11-12.01.2025ж 3. «Өрлеу» БАҰО «Профессиональное развитие руководителей и педагогов

			дошкольных организаций для обеспечения преемственности и эффективного взаимодействия с начальной школой» 72 сағат №0958125 02.06- 13.06.2025 ж 4.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 2565412.11- 26.11.2025 ж
2	Алпысбаева Н.С.	әдіскер	1.ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі педагогі" 72 сағат № 003762 12.10-20.10.2023 ж 2. «Дамыту» қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау» 72 сағат №И 235679 11-12.01.2025ж 3. «Өрлеу» БАҰО «Профессиональное развитие руководителей и педагогов дошкольных организаций для обеспечения преемственности и эффективного взаимодействия с начальной школой» 72 сағат № 0958119 02.06- 13.06.2025 ж 4.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 26191
3	Абайдельдина А.Ж.	тәрбиеші	1.«USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру » 80 сағат №1270 07.03.2025 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 35999 16.11- 30.11.2025 ж

4	Актубекова Б.Н.	тәрбиеші	1.«USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру » 80 сағат №4070 05.12.2025 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 35573
5	Амангельдиева М.Н.	тәрбиеші	1.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 24966 12.11- 26.11.2025 ж
6	Абдулова А.А.	тәрбиеші	1.«Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы жобалық технологиялар» «Инновационное образование» зияткерлік орталығы»ҚҰ 80 сағат № РТD-LLO-423 15-26.12.2025жыл 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 27087 12.11- 26.11.2025 ж
7	Әмірғали П.Ж.	әуен жетекшісі	1.«Өрлеу» БАҰО « Развитие профессиональных компетенций учителя музыки » 80сағат №0693081 26.06 - 05.07.23ж 2.Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 24058 12.11- 26.11.2025 ж
8	Байдаулетов С.А.	дене тәрбие нұсқаушысы	1.«Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің тәрбиешілер мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзіреттілігі мен дағдыларын дамыту» 80 сағат № 000605 17.11.23 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ»

			педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 27082 13.11- 27.11.2025 ж
9	Балгабаева У.Ш.	тәрбиеші	1. «USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру 80 сағат №1271 07.03.2025ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 30497 13.11- 27.11.2025 ж
10	Бекенова Г.К.	тәрбиеші	1.«USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру » 80 сағат №4072 05.12.2025 ж 2. «Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 26247 12.11- 26.11.2025 ж
11	Бектабанова В.К.	тәрбиеші	1.«Өрлеу» БАҰО « Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 72 сағат № 0585697 10.04 - 20.04.23 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 47887 19.11- 03.12.2025 ж
12	Бралина А.Ж.	тәрбиеші	1.«Өрлеу» БАҰО « Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын құру» 72 сағат №0812359 12.09 - 22.09.24 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 48431 19.11- 03.12.2025 ж
13	Дусмағамбетова К.М.	жаңтанушы	1.«Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру: ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың заманауи

			тәсілдері мен әдістері» 80 сағат № 013664 15.12.-24.12.2025ж. «EDU MASTER»педагогикалық шеберлік орталығы 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 26011 12.11- 26.11.2025 ж
14	Досов М.Қ	дене тәрбие нұсқаушысы	1.«Дамыту»қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау»72 сағат №И 235688 11-12.01.2025ж 2."Мектепке дейінгі білім беру педагогтарының, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту" 80 сағат №DDD4124 26.12.2026 жыл
15	Ертышпаева Г.Ш.	мұғалім-логопед	1.«Өрлеу» БАҰО «Система логопедической помощи и психолого – педагогической поддержки детей с нарушением речи в дошкольной организации» 72 сағат № 0809979 16.10-27.10.2023 ж 2. «Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 40375 17.11- 01.12.2025 ж
16	Қуанышбай Ә.А.		1. «Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 30327 13.11- 27.11.2025 ж
17	Жумабаева А.К.		1.«Өрлеу» БАҰО « Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын құру» 72 сағат № 0812720 26.09-06.10.24 ж. 2. «Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 30609 13.11- 27.11.2025 ж
18	Ибраева Ж.А.		1. «Мектеп жасына дейінгі балаларды

			оқытудағы жобалық технологиялар» «Инновационное образование» зияткерлік орталығы» ҚҰ 20 сағат № PTD-LLO-348 17.11-28.11.2025 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 27266 13.11- 27.11.2025 ж
19	Ибраева М.А.		1. «Өрлеу» БАҰО « Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту » 72 сағат № 0585985 24.04-05.05.23 ж. 2.Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 39008 17.11- 01.12.2025 ж
20	Кабылдина Г.Д.		1.«USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру » 80 сағат №1269 07.03.2025 ж
21	Казиева Э.К.		1.«USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы ЖШС «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру » 80 сағат №4067 05.12.2025 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 31956 13.11- 27.11.2025 ж
22	Мулдағалиева А.К.	тәрбиеші	1.BILIM GROUP «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері: Бағдарламаның түйінді идеяларын түсіндіру, тәжірибеде қолдану» 72 сағат 15.01.- 24.01.2023 ж №000260 2.«Өрлеу» БАҰО «Профессиональное развитие руководителей и педагогов дошкольных организаций для обеспечения преемственности и эффективного взаимодействия с начальной школой» 72 сағат № 0958373 16.06- 26.06.2025 ж

			3.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 26430 12.11- 26.11.2025 ж
23	Нигметжанова Г.Б.	тәрбиеші	1. «Дамыту» қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау» 72 сағат №И 235714 11-12.01.2025ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 36867 16.11- 30.11.2025 ж
24	Серікбай А.А	тәрбиеші	1. «Дамыту» қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау» 72 сағат №И 235725 11-12.01.2025ж
25	Сыздыкова А.Г.	тәрбиеші	1.«Өрлеу» БАҰО «Профессиональное развитие руководителей и педагогов дошкольных организаций для обеспечения преемственности и эффективного взаимодействия с начальной школой» 72 сағат № 0958378 16.06- 26.06.2025 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 26856 12.11- 26.11.2025 ж
26	Танатова А.А	әуен жетекшісі	1.Инновационное образование «Инклюзивті білім беру мектепке дейінгі ұйымдарда» 80 сағат 08-15.04.2024 ж № IDO-LLO -007 2. «Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 29324 13.11- 27.11.2025 ж 3. «Үздіксіз кәсіптік білім берудегі оқытудың белсенді әдістері және инновациялық технологиялары» BILIMGE ORLEU үздіксіз қосымша білім беру орталығы 90 сағат №014643 08.12-19.12.2025ж

27	Тасжанова У.Д.	тәрбиеші	1.«Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру» 72 сағат №0812988 15-25.04.24 ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 36037 16.11- 30.11.2025 ж
28	Тулегенова З.Т.	жүзу нұсқаушысы	1. «Дамыту»қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау»72 сағат №И 235731 11-12.01.2025ж 2.«Білім берудегі интелект:инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы 80 сағат № 27087 12.11- 26.11.2025 ж
29	Уркумбаева А.Г	тәрбиеші	1.Дамыту»қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау»72 сағат №И 234231 28.08.2024
30	Тулєпова А.М.	тәрбиеші	1. «Дамыту»қоғамдық қоры «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау»72 сағат №И 235732 11-12.01.2025ж
31	Умуралина А.Б.	тәрбиеші	1.«Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» 72 сағат №0586001 24.04.2023- 05.05.2023 ж
32	Сейілхан А.А	тәрбиеші	

Бұрын алынған кәсіби құзыреттіліктерді дамыту мақсатында бөбекжай педагогтары (100%) біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтеді. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Г.С. Искакова және әдіскер Н.С. Алпысбаева соңғы үш жыл ішінде 4 рет біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді сүйемелдеу сапасын арттыру мақсатында 9 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті .

2023 – 2025 жылдардағы педагогтердің жалпы санынан курстық дайындықтан өту пайызы

2023 – 2024 оқу жылы біліктілікті арттыру курсынан 8 (24%) педагог, 2024 – 2025 оқу жылында 11 (33%) педагог, 2025-2026 оқу жылында 12 (39%) педагог өтті.

Қорытынды: «Қостанай қаласының білім бөлімінің « №61 бөбекжайы» КМҚК Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 22-тармағына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тармағы.

Педагог кадрлардың жас құрамы

Оқу жылы	Барлық педагог саны	20 жастан 30 жасқа дейін	30 жастан 40 жасқа дейін	40 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан
2023 - 2024	34	7/21%	7/21%	8/23%	12/35%
2024 - 2025	33	8/24%	6/18%	7/22%	12/36%
2025 - 2026	32	7/21%	8/25%	4/13%	13/41%

Педагогикалық жұмыс өтілі

Оқу жылы	Барлық педагог саны	1 жылға дейін		1 - 8 жылға дейін		8 - 20 жылға деін		20 жылдан жоғары	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2023 - 2024	34	3	9%	9	26%	13	39%	9	26%
2024 - 2025	33	0	0%	9	25%	13	6%	11	12%
2025 - 2026	32	2	6%	9	28%	14	44%	7	22%

Балабақша қызметкерлерін жыл сайынғы медициналық тексеру жұмысшылар мен балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған міндетті рәсім болып табылады . Барлық қызметкерлер,оның ішінде № 61 бөбекжайының педагогикалық құрамы ұйым есебінен жылына екі рет «міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020» бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. Оларды жүргізу кезеңділігі, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі, медициналық қарсы көрсетілімдер, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесі, оларды орындау кезінде жұмысқа түскен кезде алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімді міндетті

медициналық қарап-тексерулер және «алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылында барлық педагогтардың жұмысқа рұқсаты бар.

III БӨЛІМ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ

[https://drive.google.com/drive/folders/1ogsx-Q1G8JavlNsVtYqwo-VNKOKnMt8N?usp=drive link](https://drive.google.com/drive/folders/1ogsx-Q1G8JavlNsVtYqwo-VNKOKnMt8N?usp=drive_link)

Мектепке дейінгі, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 Бұйрығы).

«№61 бөбекжайы» КМҚК міндеттері:

1. мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
2. тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
3. сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
4. толыққанды дамуды қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық тәрбиеленуші;
5. ата-аналарға мәселелер бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау;
6. инклюзивті даму ортасын құру, түрлендірілетін ойын және баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін қолдауға және дамытуға бағытталған тақырыптық аймақтар.

«№61 бөбекжай» өз қызметін мынадай кезендер бойынша ұйымдастырады:

-1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында -оқу жылы (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген

-1 маусым мен 31 тамыз аралығында -жазғы сауықтыру кезеңі;

-Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді кәсіпорыннан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

-Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып,ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады:

Мектепке дейінгі ұйымның түрі: 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балалар үшін бөбектер мен мектепке дейінгі жастағы топтардың болуы көзделеді.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі-бір жас принципі бойынша жинақталатын жас тобы.

Бір жас принципі бойынша жас топтарының толықтығы:

- 1) ерте жастағы топ - (1 жастағы балалар) - 10 баладан аспайды;
- 2) кіші топ (2 жастағы балалар) - 20 баладан артық емес;
- 3) орта топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан аспайды;
- 4) ересек топ (4 жастағы балалар) - 25 баладан аспайды;
- 5) мектепалды топ (5 жастағы балалар)-25 баладан аспайды.

2021 жылы мектепке дейінгі ұйымда 01 қыркүйекте толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып, оқу жылының басында жас топтары құрылды. Осыған байланысты 2025-2026 оқу жылындағы «Тамшы», «Көбелек», «Балапан» тобының балалары контингентінде 01 қыркүйектен кейін туған 2019 және 2020 жылы туған екі жастағы балалар отырады. Келесі жылы жас топтары күнтізбелік жылға толық жасқа жеткен балалардың жасын ескере отырып құрылды: кіші топ –2 жастағы балалар; орта топ-3 жастағы балалар; үлкен топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ-5 жастағы балалар. Жас топтары күнтізбелік жылға толық жасқа жеткен балалардың жасын ескере отырып, оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымда құрылады.

Үш жыл ішіндегі тәрбиеленушілердің құрамы туралы мәліметтер

2023-2024 оқу жылы				
Балалар саны іс жүзінде		309		
Инклюзивте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны		6		
№	Жас тобы	топтың атауы	оқыту тілі	бала саны
1	Кіші топтар	«Раушан»	қазақ	20
		«Айналайын»	қазақ	21
		«Салтанат»	қазақ	20
2	Ортаңғы топтар	«Балапан»	қазақ	25
		«Тамшы»	қазақ	24
		«Көбелек»	қазақ	24
		«Қызғалдақ»	қазақ	25
3	ересек топтар	«Жұлдыз»	қазақ	25
		«Қарлығаш»	қазақ	25
		«Жидек»	қазақ	23
4	мектеп алды	«Ақбота»	қазақ	26
		«Қошақан»	қазақ	26
		«Құлыншақ»	қазақ	25
2024-2025 оқу жылы				
Балалар саны іс жүзінде		308		

Инклюзивте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны		9		
№	Жас тобы	топтың атауы	Оқыту тілі	бала саны
1	кіші топ	«Ақбота» «Қошақан» «Құлыншақ»	қазақ қазақ қазақ	21 21 21
2	ортаңғы топ	«Раушан» «Айналайын» «Салтанат»	қазақ қазақ қазақ	25 26 26
3	ересек топ	«Балапан» «Тамшы» «Көбелек» «Қызғалдақ»	қазақ қазақ қазақ қазақ	25 25 24 25
4	мектепалды топ	«Жұлдыз» «Қарлығаш» «Жидек»	қазақ қазақ қазақ	24 24 21
2025-2026 оқу жылы				
Балалар саны іс жүзінде		309		
Инклюзивте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны		6		
№	Жас тобы	топтың атауы	Оқыту тілі	бала саны
1	кіші топ	«Жұлдыз» «Қарлығаш» «Жидек»	қазақ қазақ қазақ	20 20 20
2	ортаңғы топ	«Ақбота» «Қошақан» «Құлыншақ»	қазақ қазақ қазақ	25 25 25
3	ересек топ	«Раушан» «Айналайын» «Салтанат»	қазақ қазақ қазақ	25 25 25
4	мектепалды топ	«Балапан» «Тамшы» «Көбелек» «Қызғалдақ»	қазақ қазоақ қазақ қазақ	25 25 24 25

Қорытынды: «Қостанай қаласының білім бөлімінің «№61 бөбекжайы» КМҚК тәрбиеленушілер контингентін талдау көрсеткендей, мектепке дейінгі ұйымда балаларды жинақтау бір тәрбиеленушіге келетін оқу алаңының бекітілген санитарлық ережелеріне сәйкес, үй-жайдың жобалық қуатын ескере отырып және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін

сақтай отырып жүргізіледі. Жыл басында «Айналайын» тобында 26 болды, бірақ 18.12.2025 жылы Абдиев Асанали (210211550416) балабақшадан кетті, енді ол топта бала саны-25 ,топтарды жасақтау нормасына сәйкестендірілді. Жыл сайын топтар саны-13 топты құрайды. Жетім балалар мен отбасыларда мектепке дейінгі ұйымда қамқоршы тәрбиелеп отырған балалар жоқ.

Психологиялық қызмет

«№61 бөбекжайы» КМҚК-да түзету-дамыту жұмысы-бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда кездесетін проблемаларды еңсеруге немесе әлсіретуге ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда әр баланың жеке басын қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық іс-шаралар жүйесі. Педагог-психолог жұмысының негізгі мақсаттары:

*Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру үдерісін психологиялық сүйемелдеу.

* Білім беру процесіне қатысушылардың барлығының психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау.

Тапсырмалар:

* Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың психологиялық денсаулығын нығайту және балабақшада мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына оңтайлы жағдай жасау.

* Психологиялық білім беру және білім беру процесінің барлық қатысушыларына уақтылы психологиялық көмек көрсету.

* Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерінде МДҰ педагогтері мен ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыруға жәрдемдесу. Балабақшадағы педагог-психологтың қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психологиялық диагностика, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру, психологиялық профилактика, психологиялық білім беру, ұйымдастырушылық-психологиялық жұмыс. Балабақшадағы психо-диагностикалық жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: танымдық саланы диагностикалау (есте сақтау, зейін, ойлау, қиял, қабылдау, ұсақ моторика, сөйлеу); эмоционалды-ерікті саланы диагностикалау (агрессивті мінез-құлық көріністері, қорқыныш, үрей). Белгілі бір проблемалар анықталған жағдайда ата-аналарға нақты шешім, қажет болған жағдайда баланы мамандарға жіберу ұсынылады. Диагностикалық тексеру қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілгеннен кейін де жүргізіледі. Диагностика нәтижелері бойынша, ата-аналар мен тәрбиешілердің сұранысы бойынша, педагог-психолог К .М. Дусмагамбетованың бақылаулары бойынша балалармен қажетті психологиялық түзету жүргізіледі.

Логопункт жұмыс шеңберінде бөбекжайымыздың логопед - мұғалімі Г.Ерышпаева түзету жұмысын сөйлеу бұзылысы бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытуға арналған Типтік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 2 қосымшасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 және 14-баптарына, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031 болып тіркелген) және Коммуникативтік дағдыларды дамыту «Сөйлеуді дамыту», «Сауат ашу негіздері», «Дыбысты дұрыс айту» жүзеге асырылады және түзету көмегін қажет ететін балалармен шағын топтық және жеке жұмыс түрлерін үйлестіре ұйымдастырады. Мектепке дейінгі логопедиялық пунктке бір мезгілде 20 - 25 бала қабылданады, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша: 2023-2024 оқу жылында – 6 бала, 2024-2025 оқу жылында - 9 бала, 2025-2026 оқу жылы – 6 бала болды.

Балаларды сүйемелдеу Қостанай қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысына сәйкес жүзеге асырылды. Осы санаттағы балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қағидалары» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед-мұғалімі, әуен жетекшісі және дене шынықтыру нұсқаушысы тарапынан балалардың білім алудағы қажеттіліктерін бағалау негізінде жеке, топтық және шағын топтық сабақтар шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және ПМПК-ның ұсынымдары негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын бекітеді. Сонымен қатар, сөйлеу қабілеті бұзылу қаупі бар балаларды анықтау мақсатында 4 жастан бастап барлық балаларға алғашқы экспресс-тексеру жүргізіледі. Ол үшін ауызша тексеру әдістері қолданылады (топтағы балалардың сөйлеуін бақылау, әңгіме және т.б.. сөйлеу қабілетінің бұзылу қаупі жоғары анықталған балалар логопедиялық кабинет жағдайында қайтадан тереңдетілген логопедиялық тексеруден өтеді. Логопедиялық пунктке қабылданған әрбір балаға сөйлеу картасы толтырылады. Логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысаны топтық және жеке жұмыс болып табылады. Балалар бір сөйлеу бұзылысы және бір жас принципі бойынша топтарға біріктіріледі. Логопедиялық пунктте түзету сабақтарын өткізу үшін тиісті жиһазбен, логопедиялық жабдықтармен, дидактикалық құралдармен, оқу-әдістемелік материалдармен жабдықталған жеке кабинет бөлінген.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың 2023-2026 оқу жылы аралығындағы тізімі

№	Баланың аты-жөні	Туған жылы	ПМПК қорытындысы	Тобы	Кетті
1	Есімтай Інжу	14.05.2020ж.	1.ПДТ (ЗРР)- 13.02.2022ж 2. ЖСТД 2 д ОНР 2ур 25.09.2024ж	«Көбелек»	
2	Иманбаева Рауза	18.06.2020ж	1.ПДТ, ЖСДТ 1д, мінез-құлықтың қиындықтары(ЗПР,ОНР 1ур, трудности поведения)-06.10.2023 ж 2. .ПДТ, ЖСДТ 1д, мінез-құлықтың қиындықтары (ЗПР, ОНР 2 ур, трудности поведения)-17.03.2025ж	«Көбелек»	
3	Ахметова Дилана	23.09.2021 ж	ЖСТД 1 д (ОНР 1 ур)- 01.10.2025ж	«Раушан»	
4	Әлімжан Аяла	12.07.2020ж	ЖСТД 1 д (ОНР 1 ур)- 18.07.2023ж	«Қызғалдақ»	
5	Али Сұлтан	01.03.2020ж	жеңіл ауырлықтағы тон-клоникалық түрдегі неврозға ұқсас кекештену (неврозоподобное заикание тоно- клонической формы легкой степени тяжести)-26.09.2024ж	«Балапан»	
6	Қайыржанов Арлан	28.02.2020ж	ЖСТД 1-2 д (ОНР 1-2 ур)-22.04.2024ж	«Тамшы»	
7	Құрманғали Ринат	30.07.2018ж	ЖСТД 1 д (ОНР 1 ур)- 22.04.2024ж	«Қошақан»	студия "Baiterek kids" 31.05.2024ж
8	Бралин Айсултан	05.09.2019 ж	ЖСТД 1 д(ОНР 1 ур) 08.09.2023ж	«Қарлығаш»	№9 ЖББМ 21.07.2025ж

9	Талғатбек Еділ Олжасұлы	30.06.2018 ж	1.ЖСТД 1 д (ОНР 1 ур) 09.02.2022ж 2.ЖСТД 2 д екітілдікке байлансты (ОНР 2ур обусловленное билингвизмом) 27.01.2023ж	«Қошақан»	студия "Вундеркинд" КПП 17.06.2024ж
10	Туякова Айша Армановна	12.09.2018 ж	1.ЖСТД 3д (ОНР 3 ур) 12.05.2022ж 2.ПДТ, ЖСТД 1д (ЗПР, ОНР 1 ур) 18.07.2023ж	«Жидек»	№31 мектебіне 30.06.2025ж
11	Ғазиз Мерей	26.01.2021 ж	ПДТ, ЖСДТ 1д, мінез- құлықтың қиындықтары(ЗПР,ОНР 1 ур, трудности поведения) 16.07.2024ж	«Салтанат»	№2 бөбекжайына 15.04.2025ж
12	Тулеубаева Нармин	09.12.2019 ж	ЖСТД 2 д (ОНР 2 ур) 24.07.2023ж	«Жидек»	№54 бөбекжайына 30.06.2025ж

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының « Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» КМҚК тәрбиеленушілер қозғалысы бір жас тобынан екіншісіне ағымдағы жылдың 01 тамызынан 31 тамызына дейін жүргізіледі. ҰБДБ жүйесінде жыл сайын жас кезеңділігі, қажеттілігіне қарай тәрбиеленушілер саны және тәрбиеленушілері туралы барлық мәліметтер жаңартылады. Балалардың қозғалысы "тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысын есепке алу және тіркеу журналында тіркеледі. Тәрбиеленушілерді бөбекжайдан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- мектепке дейінгі ұйым мен ата-ана немесе тәрбиеленушінің өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптарын бұзу;
- тәрбиеленушінің дәлелді себептерсіз және әкімшіліктің ескертуінсіз бір айдан астам уақыт өткізуі;
- дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер:

